**Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі N 691 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 1237 Жарлығы

Қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі N 691 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2001 ж., N 32, 421-құжат; 2002 ж., N 44, 436-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы ережеде:

20-тармақтағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген сөздер "Ақпарат министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның дербес құрамына мыналар енгізілсін:

| | |
|---|---|
| Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы | - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Төраға, |
| Павлов Александр Сергеевич | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары, |
| Абдрахманов Сауытбек | - Қазақстан Республикасының Ақпарат министрі, |
| Қалетаев Дархан Аманұлы | - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, |
| Қасейінов Дүйсен Қорабайұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі, |
| Құлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі; |

мынадай жолдар:

| | |
|---|---|
| "Тоқаев Қасымжомарт Кемелұлы | - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, төраға", |

"Асқаров - Қазақстан Республикасы Мәдениет,
Әлібек Асылбайұлы ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігі департаментінің
директоры, хатшы",
"Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Мұхтар Абрарұлы ақпарат және қоғамдық келісім
министрі"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Тоқаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Қасымжомарт Кемелұлы істер министрі",
"Асқаров - Қазақстан Республикасы Ақпарат
Әлібек Асылбайұлы министрлігі департаментінің
директоры, хатшы",
"Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасы Президентінің
Мұхтар Абрарұлы кеңесшісі";

аталған Комиссияның құрамнан: Б.Ә.Мұхаметжанов, Ш.К.Беркімбаева, Б.Б.Қанешев, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, К.С.Смайылов шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК